



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2021 жылға Қазақстан Республикасындағы үй
шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық
технологияларды пайдалануы туралы

Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-Кіріспе
- S. 3 метадеректерді Жаңарту
- S. 4 статистикалық ақпаратты Ұсыну
- S. 5 өлшем Бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негізі
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланым саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапасы басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Ұлжан Тұрдалықызы Рысбаева

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Гульмира Сайлаубекқызы Қарауылова

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жағалауы, Мәңгілік Ел көшесі, 8,
Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

u.rysbaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-28

S.2 Өзектілік-Кіріспе

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) даму деңгейі ел экономикасының бәсекелестігіне белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Экономиканың қазіргі заманғы даму деңгейіне кәсіпкерлік сектор, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимыл деңгейі сәйкес болуы тиіс. Оған АКТ-ны дамыту мен қолданусыз жету мүмкін емес.

АКТ - ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, көрсету және оны пайдаланушылардың мүдделеріне пайдалану мақсатында біріктірілген әдістер, өндірістік процестер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы.

«Цифрлық Қазақстан» және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жоба бағдарламаларының іс-шараларын орындау бойынша, Мемлекеттік органдарды ақпараттық қамтамасыз ету шеңберінде үй шаруашылықтарының АКТ-ны пайдалану деңгейін сипаттайтын ақпарат жыл сайын қалыптастырылады.

Үй шаруашылықтарының АКТ-ны пайдалану статистикасын қалыптастыруы үшін «Үй шаруашылығын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы зерттеу сауалнамасы» Н-020 бойынша есебі негіз болып табылады. Статистикалық зерттеудің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарының және жекелеген тұлғаларының АКТ-ны пайдалану деңгейін анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдинг» АҚ, жергілікті атқарушы органдар (ЖАО) және басқалар негізгі пайдаланушылар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросында (бұдан әрі - ҚР СЖРА ҰСБ) әлеуетті пайдаланушылар, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, оларда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау мәніне егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

23.05.2019 жыл.

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

11.11.2021 жыл.

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

11.11.2021 жыл.

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

АКТ саласындағы статистикалық байқаудың негізгі үй шаруашылықтары көрсеткіштеріне Интернет желісін пайдаланушылардың үлесі, халықтың компьютерлік сауаттылығының деңгейі, халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі, Интернет желісіне қолжетімділігі бар үй шаруашылықтары, кең жолақты қолжетімділіктің үй желілерінің Интернет желісіне ену деңгейі және үй шаруашылықтары мүшелерінің компьютерлік әрекеттері болып табылады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Іріктемелі зерттеулерді жүргізу кезінде статистикалық жіктелімдердің маңызы зор. Оларды пайдалану жиналатын ақпараттың басқа статистикалық зерттеулер деректерімен және оның сапасымен салыстырымдылығына әсер етеді.

Үй шаруашылықтарының АКТ-ны пайдалануы туралы іріктемелі зерттеуін жүргізу кезінде келесі статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады.

- 1) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуіші;
- 2) КХСЖ - Кәсіптердің халықаралық стандарттық жіктелімі;
- 3) ББХСЖ - Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі.

Сондай-ақ ҚР СЖРА ҰСБ әзірлеген анықтамалықтар.

Осы жіктеуіштер ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында басты бетте «Негізгі»/ Жіктеуіштер бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға іріктемеге түскен үй шаруашылықтары қатысады. Бас жиынтық тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі (бұдан әрі - ТҚСТ) болып табылады.

Бас жиынтыққа жалпы коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, мүгедек және қарттарға арналған интернат-үйлерінде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни қауымдарда және осыған ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді. Іріктемелі жиынтық пәтерлерден қалыптастырылған және де 21000 (жыл сайын) үй шаруашылығын құрайды.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1) Зерттеу бірлігі бір немесе одан да көп жеке адамдардан құралған, бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын экономикалық субъектті білдіретін үй шаруашылығы болып табылады.

Сауал салуға үй шаруашылықтарының 6 және одан жоғары жастағы мүшелері жатады.

2) Құралдар: «Үй шаруашылығын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы туралы зерттеу сауалнамасы» (индексі Н-020, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны.

3) Байқау типі: іріктемелі байқау.

4) Тапсыру мерзімі 30 қаңтарға (қоса алғанда) дейін. Сауал салуды қағаз жеткізгіште интервьюерлер жүзеге асырады. Іріктемелі зерттеу сауалнамасы іріктеуге түскен әрбір үй шаруашылығына (отбасына) толтырылады. Әртүрлі үй шаруашылықтарына жататын бірнеше отбасылар бойынша ақпаратты жазуды олар бір үй-жай шегінде тұрып жатса да сауалнаманың бір бланкісіне біріктіруге жол берілмейді.

5) Нысанды соңғы қайта қарау 2021 жылы болды, статистикалық нысан ҚР СЖРА ҰСБ-ның (www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы Респонденттерге/ 2021 жылғы статистикалық нысандар/ Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

6) Келесі анықтамалар қолданылады:

- электрондық үкімет - мемлекеттік органдардың мемлекеттік функцияларды автоматтандыруға және оңтайландыруға негізделген, сондай-ақ электрондық нысанда қызметтер көрсетуге арналған өзара және жеке және заңды тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимыл жүйесі;
- Интернет - электрондық ақпараттық ресурстарды жіберуге арналған телекоммуникациялардың біріктірілген желілерінің және есептеу ресурстарының дүниежүзілік жүйесі.

S.4.5 Статистикалық объект

Үй шаруашылықтары мен 6 жас және одан жоғары жастағы отбасы мүшелері.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Үй шаруашылығында АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу байқаудың іріктемелі әдісінің негізінде жүзеге асырылады.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін ТҚСТ ақпараттық база болып табылады.

Көрсетілген деректер базасын пайдалану бірқатар басымдықтарға негізделген:

- іріктеменің дайын шеңберінің болуы іріктеу негізін құрауға байланысты шығындардың елеулі баптарының бірін болдырмайды;
- үй шаруашылықтарының ротациясын жүзеге асыруға қажетті тұрақты түрде өзектендірілетін деректер базасының болуы;
- аумақтар бөлінісінде үй шаруашылықтары туралы ақпараттың болуы.

Іріктемелі жиынтықты 21000 үй шаруашылығы және резерв бас жиынтықтан 0,1%-ды құрайды (жыл сайын).

Үй шаруашылықтарының зерттеуге қатысудан шаршау әсеріне жол бермеу мақсатында жыл сайын үй шаруашылықтарына ротация (алмастыру) жүргізіледі. Ротация көлемі зерттелетін үй шаруашылықтарының жалпы санының 1/3-не тең келеді. Жыл сайын үй шаруашылықтарының 1/3 бөлігі іріктеуден шығарылады да басқаларымен ауыстырылады және 3 жыл өткен соң іріктемелі

жиынтық толықтай жаңартылады. Үй шаруашылықтарын ауыстыру бастапқыда іріктемені қалыптастыруға қолданылған әдіспен жасалады. Соның ішінде үй шаруашылықтарын сол стратаға, сегментке немесе кластерге жататын үй шаруашылықтарына ауыстыру да осылай жүргізіледі.

Ортақ коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйлерінде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни қоғамдастықтарда және басқа да осыған ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типтерінде тұратын үй шаруашылықтары зерттеуге жатады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда үй шаруашылықтарында АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2004 жылдан бастап жүргізіледі. 2004-2021 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Базалық кезең зерттеу жылының алдындағы жыл болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз.

S.6 Есепті кезең

Жыл.

S.7 Құқықтық база

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.
5. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 292 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме.

S.8 Күпиялық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын деректердің күпиялық және қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз етеді.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидағдары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың күпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану ережесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S. 9 Жарияланым саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1-тармағы, 2-тармағы. Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі Мемлекеттік органдар үшін интернет-ресурстардың бірыңғай платформасы (МО ИРБП) сайтының Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Мемлекеттік органдар үшін интернет-ресурстардың бірыңғай платформасы (МО ИРБП) сайтының Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми интернет-ресурсы www.gov.kz. «Басты»/ «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бір мезгілде және тең қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz. сайты. Басты бет/ Ресми статистика/ Салалар бойынша/ АКТ статистикасы/ Статистика/ Бюллетендер.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

- 1) «Қазақстан Республикасындағы үй шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы» статистикалық бюллетені, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында, Ресми статистика/ Салалар бойынша/ АКТ статистикасы/ Бюллетень бөлімінде орналастырылған;
- 2) «Қазақстан Республикасында байланыс және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы» статистикалық жинағы ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында, Ресми статистика/ Жарияланымдар/ Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылған;
- 3) Мемлекеттік және салалық бағдарламалардың көрсеткіштері, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында, Пайдаланушыларға/ Мемлекеттік бағдарламалардың көрсеткіштері бөлімінде орналастырылған;
- 4) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелер ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында, Ресми статистика/ Салалар бойынша/ АКТ статистикасы бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 On-line режимдегі деректер базасы

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты. «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі/ АКТ статистикасы/ Үй шаруашылықтарының АКТ пайдалануы.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану ережесі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 АС2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 246 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдіснама»/ АКТ статистикасы бөлімінде орналастырылған;
- 2) «Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл», төртінші басылым, толықтырылған. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған;
- 3) АКТ-ға қол жеткізуді өлшеу және оларды үй шаруашылығы деңгейінде және жеке тұлғалардың пайдалануы бойынша нұсқау, Халықаралық электробайланыс одағының (ITU) www.itu.int. Интернет-ресурсында орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа жөніндегі нұсқаулық; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесс карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63

бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

АКТ статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленді және енгізілді;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін ол Заңмен бекітілген;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау динамикада жүргізіледі;
- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық сауалнаманың кейбір сұрақтары бойынша жауаптың болмауын азайту және статистикалық сауалнаманы дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электронды форматты енгізу деңгейіне дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

АКТ статистикасы бойынша Халықаралық Электр байланысы одағының «АКТ-ға қолжетімділікті өлшеу және оларды үй шаруашылықтары мен жекелеген тұлғалар деңгейінде пайдалану жөніндегі нұсқаулық» және Еуростаттың «Ақпараттық қоғам статистикасы жөніндегі әдіснамалық ұсынымдар» халықаралық әдіснамасы, сондай-ақ ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 246 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық-

коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме қолданылады, ол ҚАЗСТАТ жобасы (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) шеңберінде алынған Германия мен Испанияның статистикалық офистері сарапшыларының халықаралық ұсынымдарына және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдинг» АҚ - «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларының және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жоба бағдарламаларының мақсатты индикаторларын мониторингілеу үшін; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа мемлекеттік органдар - талдау жұмыстары үшін.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтылығы/R1. Деректердің толықтығы - үлес

21000 үй шаруашылығы 0,4% бастапқы жиынтықтан (5390337 үй шаруашылығы).

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)


S.15.1 Жалпы дәлдік

Үй шаруашылықтарының АКТ-ны пайдалануы бойынша зерттеу ықтимал қателерді барынша азаятындай және бақыланатындай етіп қалыптастырылған. Дегенмен, іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде тіпті егер зерттеу ең үлкен мұқияттылықпен жүргізілсе де, статистикада кездейсоқ қате деп аталатын дәлсіздіктер болуы мүмкін. Мұндай


кателерді облыстар мен Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының Статистика департаменттері және ҚР СЖРА ҰСБ статистикалық байқау жүргізу барысында анықтайды және түзетеді.

2021 жылға үй шаруашылықтарында АКТ-ны пайдалануы бойынша жалпы мемлекеттік іріктемелі статистикалық байқау жүргізілді. Іріктемелі зерттеу 21000 үй шаруашылығында жүргізілді. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі бас жиынтық болып табылады.

Есепті 2021 жылы компьютерді пайдаланушылар үлесі 6 жас және одан жоғары жастағы жалпы халық санының 87,0%-ын құрады, одан 6-74 жастағылар – 89,2%-ды, одан жерлерде 85,9%-ды және 87,9%-ды тиісінше.



Интернет желісіне қолжетімділігі бар үй шаруашылықтарының үлесі, %



Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділігі бар үй желілерінің ену деңгейі 93,7% құрады.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Үй шаруашылықтарында АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу кездейсоқ іріктемеге негізделген іріктемелі зерттеу негізінде жүргізіледі. Осылайша, нәтижелердің нақтылығын қателерді есептеу шеңберінде бағалауға болады.

Салыстырмалы стандартты қате іріктемелі зерттеу жүргізілгеннен кейін есептелінеді. «Салыстырмалы стандартты қателер» шамасы бас жиынтықтың шынайы мәнінен іріктеме нәтижесінен алынған пайыздық ауытқумен бағаланады. Іріктеменің салыстырмалы стандартты қатесі кері іріктеме көлеміне пропорционалды, яғни іріктеме көлемін төрт есе ұлғайтқан сайын, оның қателіктері екі есе азаяды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Үй шаруашылықтарының АКТ-ны пайдалануы бойынша зерттеуді жүргізу кезінде іріктемелі зерттеуге негізделмеген қателер болған жоқ,

себебі іріктеме өлшемі 21000 үй шаруашылығында (бас жиынтықтың ~ 0,4%) белгіленген және үй шаруашылығының 33,3% қоры қарастырылған. Осыған байланысты 2021 жылы есеп берген үй шаруашылықтарының саны 21000 үй шаруашылығын құрады.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2.Қамтуды арттыру-үлесі

S.15.3.1.2 А3.Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4.Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 А5.Жауап жоқ болу тармағы үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап бірінші жарияланымға дейін алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орташа есеппен 56 күнді құрайды. Нәтижелер бюллетенде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес жарияланады. Шығару күні СЖЖ және ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде сәйкес бекітілді және жарияланды.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер бюллетенде жыл сайын, ағымдағы жылға арналған Статистикалық жұмыстардың бекітілген жоспарына сәйкес жарияланады, нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесіне сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Деректер ҚР өңірлер арасында салыстырмалы

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициенті/СС1

Қолданылмайды

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

АКТ статистикасы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2004 жылдан бері салыстырмалы және үздіксіз. 2004-2021 жылдары уақытша қатарлар бар, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында Ресми статистика/Салалар бойынша/ АКТ статистикасы/ Динамикалық кестелер бөлімінде орналастырылған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

АКТ статистикасы бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін бекіту бойынша жоспар) алынған Германия және Испания статистикалық кеңселері сарапшыларының халықаралық ұсынымдарына және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

S.19 Жүктеме

Деректерді жинауды интервьюерлер қағаз жеткізгіште жүзеге асырады. Барлық жауаптар пікірі сұралғандардың сөзінен жазылады, растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Деректерді жинауды және өңдеуді ұйымдастыру аумақтық статистика бөлімшелерінің (қалалардың, аудандардың статистика

басқармаларының және облыстардың статистика департаменттерінің) міндеті болып табылады.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Елімізде 2022 жылғы 19 қаңтарға дейін төтенше жағдайдың енгізілуіне және интервьюерлердің үй шаруашылықтарына қол жеткізу қиындығына байланысты іріктемелі зерттеулердің өткізу мерзімдері және жариялау мерзімдері 2022 жылғы 28 наурыздан 4 сәуірге (10.01.2022 жылғы № -021020100000/072-вн қызметтік жазба) ауыстырылды.

Аудандық деңгейде зерттеу нәтижелерінің репрезентативтілігін қамтамасыз ету мақсатында деректерді бас жиынтыққа тарату әдісі ауыстырылды (жас аралықтары бойынша) және бюллетень қайта жарияланды (11.04.2022 жылғы № 16-6-021020100000/2262-вн қызметтік жазба).

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

1) Үй шаруашылықтарында АКТ статистикасы бойынша статистикалық ақпарат «Үй шаруашылықтарының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалануы туралы зерттеу сауалнамасы» Н-020 сауалнамасы бойынша үй шаруашылықтарының алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.

Статистикалық бақылау іріктемелі әдіспен жүргізіледі.

2) Үй шаруашылықтарының АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу интервьюерлердің үй шаруашылықтарының мүшелеріне сауал салуы негізінде жүзеге асырылатын орталықсыздандырылған зерттеу болып табылады. Деректерді жинауды және өңдеуді ұйымдастыру аумақтық статистика бөлімшелерінің (қалалық, аудандық статистика басқармалары және облыстық статистика департаменттері) міндеті болып саналады.

3) Іріктемелі байқаудың түпкілікті мақсаты іріктеме бойынша алынған деректер негізінде бас жиынтықтың сипаттамасы болып табылады. Деректерді бас жиынтыққа таратылған күйінде алу мақсатында, тексерудің нәтижелеріне статистикалық өлшеу жүргізіледі.

Осы әдісті іске асыру әрбір тексерілген үй шаруашылығына статистикалық өлшем берумен жүзеге асырылады, ол іріктемеге түскен барлық үй шаруашылықтар санының, ұсынылатын бөлігін сипаттайды.

4) Тарату коэффициенті страталар бойынша есептелінеді.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жыл.

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Сауал салуды қағаз жеткізгіште интервьюерлер жүзеге асырады.

Іріктемелі зерттеу сауалнамасы іріктеуге түскен әрбір үй шаруашылығына (отбасына) толтырылады. Әртүрлі үй шаруашылықтарына жататын бірнеше отбасылар бойынша ақпаратты жазуды олар бір үй-жай аумағында тұрып жатса да сауалнаманың бір бланкісіне біріктіруге жол берілмейді.

Үй шаруашылықтарында зерттеу өткізгенде стандартталған сұхбат алу әдісі қолданылады, яғни сауал салуды өткізу кезінде дайын сұрақтар мәтінімен сұрақнаманың стандартталған бланкісі және респонденттердің стандартталған жауаптарын жазу тәсілі қолданылады. Бұл тәсіл барлық респонденттерге сұрақтардың бір реттілікпен және бірдей қойылатынына, сонымен қатар әр түрлі респонденттердің бірдей сұраққа алынған жауаптары салыстырмалы әдіспен жазылатынына кепілдік береді.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтылығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде дұрыстықты тексеру

анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

S.21.5 Импутация - үлесі /A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректерінің сапасы қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.